| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **Құндылықтар** | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Жиенкулова С | |
| Күні:04.10.2022 жыл | | |
| Сынып: **4** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **Мәтіннің түрлері.** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу | |
| Сабақтың мақсаты | • берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау элементтері бар мәтін құрап жазады. | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдас тыру, өзін – өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру 5 мин | **Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне сенімділік қалыптастыру «Ізгі тілек» әдісімен жүреді.**<br>**«Санау» әдісімен** топқа бөліп отырғызу.<br>- Саналу ретіне қарай топқа бірігіп отыра қалыңдар. Топқа ат қойыңдар.<br>- Топ басшысын сайлап, топ ережесін еске түсіріңдер.<br>**Өткен тақырыпқа шолу:**<br>А) Үйге берілген тапсырманы тексеру.<br>- Өткен сабақта не үйрендіңдер?<br>- Олай болса, бүгінгі сабақта да мәтін түрлерін ажыратуға, оның тақырыбы мен негізгі ойын анықтауға арналған тапсырмалар орындайтын боламыз.<br>Сабақ мақсатын хабарлау. | Шеңберде тұрып бір-біріне тілек айтады.<br>Саналады.<br>Топқа бірігеді.<br>Топ басшысын сайлайды.<br>Топ ережесін еске түсіреді.<br>Тапсырма тексертеді.<br><br>Тақырыпты, сабақ мақсатын анықтайды. | «Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы! Оқушылар жауабын толықтырып, әр қайсысына тиімді кері байланыс беріп отыру. | |
| Жаңа білім 10 мин | Жаңа сабақ<br>**(Ұ, Д) 1-тапсырма - «Өзіндік жұмыс» әдісі.**<br>**23-жаттығу.**<br>Мәтінді оқыңдар. Не туралы айтылған?<br>-Бұл мәтіннің қай түрі? Бөліктерін табыңдар.<br>Сұрақтарды жалғастырыңдар.<br>1) Неге тәтті жақсы?<br>2) Қаттының қандай жақсы жақтары бар?<br>3) ...<br>Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.<br>**Саралаудың «Қарқын»** тәсілі жүзеге асады. | Дәптермен жұмыс жасайды. | **Дескриптор**:<br>Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді-1балл;<br>Мәтін бөліктерін табады-1балл.<br>Сұрақтарды жалғастырады, жауап жазады-1балл; | Қазақ тілі 4 сынып оқулығы 1-бөлім<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br><br><br>2 мин<br><br>10 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>13 мин | **Қарқыны жоғары оқушыға:**<br>- Мәтіндегі негізгі ой қандай?<br><br>**Сергіту сәті: «Көңілді күн» әні.**<br><br>**(Ж) 2-тапсырма - «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі.**<br>**24-жаттығу.**<br>Суреттерге қараңдар. Оқиға неден басталды? Қалай өрбіді? Әрі қара не болды? Немен аяқталды?<br>Әңгімелеу мәтінін құрап жазыңдар.<br>Нұсқаулықты басшылыққа алыңдар.<br>**Саралаудың «Қарқын»** тәсілі жүзеге асады.<br>**Қарқыны жоғары оқушыға:**<br>-Дереккөзден құстардың ұясы туралы мәлімет тауып, достарыңа әңгімеле.<br><br>**(Т) 3-тапсырма - «Бізде бір ой бар...» әдісі.**<br>**25-жаттығу.**<br>Суретке қараңдар. Қай құс бейнеленген?<br><br>26-жаттығу.<br>Мәтінді оқыңдар. Сипаттау мәтіні ме, әлде әңгімелеу мәтіні ме? | <br><br><br>Ән айтып сергіді.<br>Тапсырманы топта орындайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Берілген тапсырманы орындайды.<br>Пікірін дәлелдейді. | <br><br><br><br><br>**Дескриптор**:<br>-Сурет бойынша әңгімелеу мәтінін құрап жазады-2балл.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Дескриптор**:<br>- Сұрақтарға жауап бере отырып қарлығашты сипаттайды - 2балл.<br>Екі баланы салыстыра сипаттауда қолданылған сөздерді анықтайды-1балл.<br>Мәтін мазмұнын бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастырады-2балл. | <br><br> |
| Қорытынды<br>5 мин | **Кері байланыс - «Желпуіш» әдісі.**<br>Шарты: А-4 түрлі түсті парақтан әр топ бір желпуіш жасап, әрбір бөлігіне кезекпен сабақтан алған білімдерің жайлы пікірлерін жазыңдар.<br>- Бүгінгі сабақтан алған білімдеріңді бағалаңдар. Оқушыларға ҚБ қояды.<br>**Үй тапсырмасы**: 9-жаттығу. | Өзінің сабақтағы жұмысын бағалап, пікірін жазады.<br>Күнделікке тапсырма жазып алады. | ҚБ қойылады. | |




Дауыссыз дыбыстар


Дауыссыз дыбыстар